

Жұпар ТАНАУОВА

КҮЛДІРГІ ӘНГІМЕЛЕРДІҢ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ФОЛЬКЛОРЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ ТУРАЛЫ

В статье говорится об исследованиях смешных рассказов в казахском фольклоре другими тюркскими народами.

Yazar kazak folklorında anlatılan fikiraların başka Türk halklarında ne kadar araştırıldığından söz ediyor.

Күлдіргі әңгіме кейіпкерлері Қожанасыр мен Алдаркөсе қазақ ауыз әдебиетінде ғана емес, бүкіл Шығыс және түрік халықтарының фольклорына ортақ кейіпкерлер дәрежесіне көтерілген. Қазақ фольклорында Алдаркөсе, Қожанасыр, өзбек ауыз әдебиетіндегі Афанди, Хожа Насриддин, түркімен фольклорында Кеминэ мен Мирали, ал ұйғыр ауыз әдебиетіндегі Саяй Чакқан мен молла Зайдин, түрікте Бекташ, қырғызда Шәршен, қарақалпақта Өмірбек сияқты күлдіргі кейіпкерлер бірін-бірі толықтырып отыратын образдар.

Күлкіге жеңіл-желпі нәрсе ретінде қарамау керек. Өйткені күлкіде зор қоғамдық сипат, әлеуметтік сыр бар. Қоғамда орын алып жатқан әрқандай кеселді кедергілердің барлығын күлкі найзасымен түйреп, айдай әлемге өшкере етуге болады.

Әр халық ұлттық тіл ерекшелігіне қарай күлдіргі әңгімелерді әр түрлі атайды. Мысалы өзбектер мен ұйғырлар оны ләтифалар, татарлар мәзек, түрікпендер шота сөз дейді. «Орыс тілінде «анекдот» «байка» деп жүргеніміз де, сайып келгенде, осы күлдіргі әзіл әңгімелер деген түсінікті береді... Дүние жүзіндегі басқа да елдердің күлдіргі әзіл әңгімелері орыс тілінде «анекдоты» деген атпен шығарылып жүр. Ал «анекдот» деген сөздің өзінің төркініне үңілсек, ол грекше – жарияланбаған, ауызша тараған деген ұғымды білдіреді. Демек, мұны ортақ термин ретінде қабылдауға болатындай» [1].

Ұйғыр фольклорының жанрын зерттеуші М.Алиева ләтифа мен сатиралық ертегілердің бір-біріне жақын екеніне назар аударады: «К уйгурским сатирико-юмористическим сказкам очень тесно примыкают латифы (анекдоты). Близость этих жанров заключается в следующем:

1. Отдельные эпизоды или целые сюжеты бытовых сказок известны как латифы. Например, латифы «Каменные сапоги», «Апанди и дверь» – это эпизоды из таких сказок-загадок, как «Мастер и ученик», «Умная девушка и жестокий хан». Сюжет о трех вопросах, известный как сатирическая сказка «Три мудрых совета», преобразовался в сатирический анекдот и т.д.

2. В том и другом жанре популярен один и тот же образ – Апанди (или Ходжа Насыр). Апанди – один из центральных персонажей латифов. Однако в целом ряде сатирико-юмористических сказок безымянный герой

или таз легко заменяется образом Апанди, т.е. они сосуществуют. Таковы сказки «Решение судьи», «Умный падишах», «Лавочник», «Апанди и три вора» и др.

3. Образ Апанди как в сказках, так и в латифах двойствен и противоречив. Отсюда и два типа сказок и латифов – с юмористическим и сатирическим направлением [2. 106].

М.М.Алиеванын бұл пікірінен байқайтынымыз, Қожанасыр жайындағы латифа, яғни анекдот, сатиралық ертегілердің құрамындағы эпизод не сюжет ретінде кейін жеке жанрлық туынды болып бөлініп айтыла бастаған. Бірақ бұл үдеріс кері болмады деп кім айта алады? Мысалы, Е.Д.Тұрсынов Алдаркөсеге қатысты әңгімелер анекдоттардың бірігуінен пайда болды деген пікір айтады: «С другой стороны, эти сюжеты имеют в основном одноэпизодную структуру, строятся на неожиданной ситуации, а потому в жанровом отношении должны быть отнесены к анекдотам.

Таковы например, анекдоты «Алдар-Косе и черт», «Среднеазиатец и казах» в казахском фольклоре (Васильев, 1898; Потанин, 1917), «Кто старше?», «Кто больше знает песен?» – в туркменском («Кимиң яшы улы?», «Ким көп айдым билйэр?» – ЕД, 1964). Вместе с тем анекдоты об Алдаре имеют тенденцию к сцеплению, составляя таким образом повествования, объединенные общностью главного персонажа и сходным характером сюжетных ситуаций, строящихся на ловком обмане, а также вытекающей из последнего обстоятельства единой логикой развития действия» [3. 27–28].

Әдеби шығармалардың бөлшектенуінен гөрі бірігу үдерісі орын алатыны туралы араб әдебиетіндегі новелла жанрын зерттеуші Т.А.Мухтаров былай дейді: «Как уже отмечалось, ат-Танухи проделал большую творческую работу, сведя разрозненные анекдоты в единый сюжет. Автор произвел причинное сцепление анекдотов-эпизодов, в той или иной степени мотивируя наступление каждого последующего. Он раздвинул два эпизода бытовавшего в народе произведения и в образовавшуюся «рамку» поместил еще два анекдота...

Мы рассмотрели здесь целую серию анекдотов. Одни из них изложены как самостоятельное произведение, другие включены в некий единый сюжет и выступают как эпизоды одного развивающегося события, в котором возрастают все изображения индивидуальностей и появляется гуманистический элемент. Простая, непосредственная, бытовая народность повествования анекдота частично восполняется в новелле опосредственно общенародным подходом, который сопряжен с усилением искусственности, «литературности» [4. 110-111].

Ал араб әдебиетіндегі навадир (көңіл көтерер әңгіме, анекдот) жанрын зерттеген Ж.Серікбаева бұл жанрдың пайда болуын ислам дінімен байланыстырады: «К числу наиболее популярных жанров арабской средневековой литературы относится навадир (мн. от надира), понимаемый

как занимательный рассказ анекдотического характера, который дошел до нас в многочисленных сборниках, составленных на протяжении почти пяти историко-культурных веков с момента возникновения ислама и арабомусульманской культуры в начале VII в. вплоть до конца Аббасидского халифата в XII в.» [4. 3]. Зерделей келсек, Қожанасыр жайындағы күлдіргі әңгімелер оқиғалары мұсылман қоғамымен өте тығыз байланыста. Тіпті мұсылманшылыққа қатысты емес болғанның өзінде де, ислам дінімен байланысты қоғам демі айқын сезіліп тұрады. Сонымен қатар Ж.Серікбаева навадир жанрының негізін салушысы әл-Джахиз деп көрсетеді: «Что же называет навадир ал-Джахиз (775-868 гг.), который считается основоположником нового направления в этом жанре? Для него это – уже определенный литературный жанр со своими каноническими параметрами, и он создает новое понятие этого термина, которое можно определить как сочетание следующих компонентов: нового для того времени стиля – с употреблением ссылок и цитат из Корана и хадисов, разнообразных остроумных выражений; речей, бесед и диалогов персонажей в индивидуализированной форме; разнообразной по своей палитровой гамме и популярной во времена ал-Джахиза литературной темы по различным вопросам этики, социальной жизни, психологии – описания в комическом свете разнообразных пороков – скупости, глупости, невежества и др.» [4. 8–9]. Келтірілген пікірге назар салсақ, араб әдебиетіндегі анекдот сипаты бар күлдіргі әңгіме - навадир жанрының пайда болуы әл-Джахиздің «Сарандар жайлы кітабы» жинағынан бастау алады. Және де бұл жанрды ерекшелейтін белгілерге мыналар жатады:

1. Белгілі бір өлшемі бар: өлшемнің негізінен қысқалығы айтылады;
2. Құран, хадистерден цитаталар келтіріп, басқа да тапқыр сөздерге иек артады;
3. Әңгіме, диалог, сөз нақты бір адамдарға телінеді;
4. Тақырыптық жағы сан қырлы: этика, психология, әлеуметтік қатынас сияқты мәселелерді қамти отырып, адамның сарандық, ақымақтық, надандық тәрізді жаман құлықтарын күлдіргі формада сипаттайды.

Осы белгілерді қазақтың күлдіргі әңгімелерінен табуға бола ма? Бірінші белгі бойынша, шынында да күлдіргі әңгімелердің қысқалылығы, дұрысырақ айтсақ, нақтылығы көзге ұрады. Ал Алдаркөсе жайындағы әңгімелер іс-әрекетті, оның нәтижесін жеткізуге байланысты баяндауға салынып, өлшем жағынан ұзақтау да болады. Екінші белгі бойынша, қазақтың күлдіргі әңгімелері Құран, хадис сияқты қасиетті сөздерге иек арта беруге шорқақ. Үшінші белгі бойынша, Қожанасыр туралы әңгімелердің басты кейіпкері Қожа, ал қалған кейіпкерлер оқиғаға байланысты жалпылама алынады, мысалы, қазылыққа келсе, жауап беруші, не базарда саудагер, ұры, алаяқ сияқты кейіпкерлер нақтыланбайды. Алдаркөсеге қатысты әңгімеде Шық бермес Шығайбайдан басқасының барлығы да Алдар өмір сүретін

қоғам адамдары ретінде жалпы көрсетіледі. Төртінші белгіге келсек, белгілі дәрежеде, Қожа мен Алдар тақырыптарды саралап алғандай. Алдар көбіне сарандықпен аты шыққан байларды, дүмше молдаларды алдап, олардың жаман құлықтары мен қылықтарын әшкерелеуде жаза қолдануға барын салса, Қожанасыр әбестік істер мен сөздерді, надандық, ақымақтық пен арсыздықты сөзбен шымшып, күлкі тудыратын істердің мәніне бойлай, еш жаза қолданбай, тек адамгершілік тұрғыда мінге жататынына ишара жасап білдіруге бейім.

Сонымен қатар Қожанасыр бейнесі де біркелкі емес. Бұл туралы М.Алиева былай дейді: «В одних сказках и латифах Апанди умный и проникательный, заступник обиженных. Непримирымый враг эксплуатации, он зло высмеивает и разоблачает представителей господствующего класса – ханов, баев, мулл, купцов, которые изображаются глупыми, ленивыми и назойливыми. Такие произведения резко сатиричны («Если падишах жесток», «И ты в хозяина», «Ну и бог», «Деньги за молитву» и др.). В других сказках и анекдотах Апанди сам дурень, попадающий в положения, одно нелепее и комичнее другого; поэтому в быту уйгуров человеку, попавшему в глупое положение, говорят: «Ты, как Апанди». Между этими противоположными сказками, из которых первые, как уже говорилось, глубоко сатирические произведения, а вторые – юмористические, можно выделить промежуточную группу: сказки и латифы, где, Апанди лишь кажется глупцом, точнее, одевает его маску. Например, он кажется до крайности наивным, угощая свой чапан байским пловом, но столько в этой нарочитой наивности сарказма и едкой сатиры. Следовательно, это промежуточная группа произведений объединяет сатирические и юмористические группы, воплощая собой и то и другое, но своим содержанием увеличивая число сатирических» [4. 144].

Алдаркөсе туралы күлдіргі әңгімелердің қазақ және Орталық Азия мен Шығыс Түркістан қазақтары арасында ауыздан ауызға өтіп әңгімеленіп отыратынын осы уақытқа дейін арнайы жиналып, арнайы кітап ретінде сан рет жарық көргендігінің өзі дәлелдейді. Атап айтсақ, “Қазақ ертегілері” [5. 401–402], “Алдаркөсе туралы аңыздар” [6. 399–406], “Жиренше шешен мен Алдаркөсе туралы аңыздар” [6. 425–476], “Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай” [7. 17–20 бб.], “Алдаркөсе әңгімелері” [8. 103–161] т.б. Сондай-ақ бұл әңгімелер карақалпақтарда “Алдаркөсе; Мұхтар көсе хам Духтар көсе”, “Алдаркөсенің Иран патшасының қызына үйленуі” [9. 66–68], түркімендерде “Алдаркөсе” [10. 63–96], ұйғыр ауыз әдебиетінде “Веселый обманщик” [11. 103–135], қырғыз ауыз әдебиетінде “Проделки Алдаркөсе” [12. 104–115], түрік халық ауыз әдебиетінде “Сказки о девяти безбородых” [13. 357–363] деген тақырыптармен жарық көрген. Сондай-ақ, өзбек тілінде “Алдаркуса хикояси” деген кітап 1911-1912 жылдары Бұхара баспасында жарық көрген [14].

Бұл кітаптарда Алдаркөсе әңгімелерінің жанрлық сипатына мән берілмейді де, оның шығу тегі жайындағы деректерге назар аударылған.

Алдаркөсенің тарихта болған, болмағандығы туралы мәселеге мән берушілердің бірі – ертек жанрын зерттеген өзбек ғалымы Комил Имомов. Ол бұл жайында былай дейді: “Куса номи ойлан машхур булган эртак қахроманининг тарихи шахс еки туқима бадий образ эканлигини аниқлаб юзага келган урнини белгилаш нихоятда мушкул” [15. 18].

Бұл арада ғалым Алдаркөсенің тарихта болғандығына шүбә келтіріп отыр. Себебі өзбек ауыз сдебиетінде Алдаркөсенің характері қалыптаспаған, мінезі мен бейнесі күнгірт.

Алдаркөсенің шығу тегі туралы мұндай пікірлерді қазақ ғалымдары аузынан да жиі естуге болады. Мысалы, М.Әуезов «Алдаркөсе әңгімесінің жеке-дара өз басына келсек, ең алдымен, мұның әуелгі туған заманын дәлелдеп айтуға болмайды. Пәлен ғасырда, пәлендей қоғам ішінде туды деп, бір дәуірді бойлап айту қиын. Алдаркөсенің өз туысы, өмірбаяны туралы ешбір мөлшер, дерек жоқ» [16. 95], – дейді.

Түркімен халық ауыз әдебиетіндегі юморлық шығармаларды зерттеген профессор Б.А.Каррыев те Алдаркөсе атымен айтылатын сатиралық оқиғалардың сериясы туралы көп айтылатынын және ол әңгімелердің түркіменде, сондай-ақ басқа да шығыс халықтарында: соның ішінде өзбек, қазақ, қарақалпақтарда кеңінен танымал екендігін және Алдаркөсе атының беретін мағынасын («Алдар» – алдаушы, «көсе» – сақалсыз, қулық символы) түсіндіреді [17. 12].

Мысқылдап сөйлеу, уәж тапқыштық қабілеті тек қазаққа ғана тән емес, өзбекке, тәжікке де тән. Бұл халықтардың Алдаркөсе мен Қожанасыр әңгімелерінің композициялық, сюжеттік құрылымының өзбек, тәжік күлдіргі әңгімелерінің композициялық сюжеттік құрылымымен сәйкес келуінде де елеулі сыр бар. Осы айтылғандардың өзі түркі тектес халықтардың біразының арасында көптеп тараған Алдаркөсе мен Қожанасыр әңгімелерін типологиялық байланыс тұрғысынан зерттеуді қажет етеді.

Қазақта Алдаркөсе, Қожанасыр, Жиренше шешен, Тазша бала, Қылкөңірдек, Шибұт, Жарғақбас және Өзбекстан жеріндегі қазақтар арасында Көпірмеші, Лепірмеші, Өмірбек лаққа, Назар пұшық айтыпты деген ел аузында айтылып жүрген сөздерді жиі естиміз. Олардың әлі жиналғаннан жиналмағаны, зерттелгенінен зерттелмегені көп.

Қырғыздарда Алдар атына байланысты сюжеттер санаулы ғана. Басқа түркі тектес халықтарда мысалы татар, түрік, әзірбайжан, қырым татарлары, ноғай, құмықтарда да бұл циклды әңгімелер жоқ.

Түрік, қырым татарлары және Әзірбайжанда әңгімелер тек Көсе атымен айтылады. Ал Сібір түріктерінде және моңғол халықтарында Алдар немесе Көсе атымен аталған әңгімелер мүлдем кездеспейді [18. 187].

Алдаркөсе жайындағы күлдіргі әңгімелер алғаш қазақтарда пайда болып, кейін басқа халықтарға көшкендігін өз уақытында түрлі дәлелдер келтіре отырып, ғалым Ә. Марғұлан [19] да айтқан болатын.

Алдар көсе атымен байланысты аңыз-әңгімелерді түркімен және ұйғыр халықтарының ауыз әдебиетінде бұрыннан қалыптасқан жанр юморлық және сатиралық жанрға қосып, жеке-жеке жинақтар мен кітаптар [20] етіп шығарды. Баспа бетінде жарық көрген жинақтарға кіріспеде Алдаркөсе туралы айтарлықтай пікірлер кездеседі.

Түркімен ауыз әдебиетінде Алдаркөсе атымен байланысты баяндалған циклді сатиралық-юморлық әңгімелер бар. Алдаркөсенің түркімен ауыз әдебиетіндегі бейнесі жайлы профессор Б.А.Каррыевтің айтуынша: “Находчивый балагур преоделевает все житейские невзгоды, отбирает у богачей нечестно нажитое ими добро, мстит им за всех обманутых “Алдар косе и сорок купцов”, “Алдар косе и казы”, “Алдар косе и росторщик”, “Вещая птица”, “Посев верблюдов” и др. В то же время он готовь оказать материальную и моральную помощь нуждающихся: “Выгодная сделка”. Характерно, что в борьбе с сильными мира сего Алдар косе умело использует свой ясной и практический ум бывалого человека, большую сообразительность и решительность в действиях” [21. 12].

Профессор Б.А.Каррыев түркімен ауыз әдебиетінде айтылып жүрген Алдаркөсе жайындағы күлдіргі әңгімелерін сатиралық және юморлық новеллалар деп қарайды.

Ұйғыр ауыз әдебиетінде Алдаркөсе атымен аталатын қысқа күлдіргі әңгімелер өте аз кездеседі. “Однако ни один из жанров уйгурского фольклора не может сравниться по степени своего распространения с латифами, то есть короткими юмористическими рассказами типа анекдотов, главными героями которых выступают Ходжа Насыр Афанди, Саляй Чаккан, Мулла Зайдин, Матия Халпитим, Умар Баки и некоторые другие” [22. 3] – деген үзіндіде де Алдар көсенің аты аталмайды да уақты-уақтымен кейбір күлдіргі әңгімелерде ғана Алдар көсе не Илахун (алдаушы мағынасын береді) атымен аталады. “Алдар косе, Саляй Чаккан и Мулла Зайдин встречаются в фольклоре уйгур, есть герой у казахов, узбеков, туркмен и каракалпаков” [22. 3].

Қожанасыр, негізінен, түркі халықтарының арасынан шыққандықтан түркі халықтары тілінде Қожанасырдың аңыз-әңгімелері өте көп. Атап айтқанда, түрік халық ауыз әдебиетінде Насриддин Қожа [13], қазақ ауыз әдебиетінде Қожанасыр [8. 11–102], қырым татарлары ауыз әдебиетінде Қожанасыр және Ахмет Ахай атымен аталады [23. 6-12], қазан татарлары ауыз әдебиетінде Насриддин Афанди [24], өзбек ауыз әдебиетіндегі “Латифалар” атымен аталатын жинақта Хужа Насриддин атымен аталады [25], қырғыз халық ертегілерінде [26] күлдіргі әңгімелер кездеседі; әзірбайжан халық ауыз әдебиетінде молла Насриддин [27] деп аталады; қарашай халық ауыз әдебиетінде “Насра Ходжаны хапарлары» [28] деген атпен бірнеше рет жарияланған; түркімен халық ауыз әдебиетінде Эпенди

атымен аталады [29]; ұйғыр ауыз әдебиетінде Саяй Чаққан атымен аталады [11].

Түркі әлеміндегі кейбір газеттер мен журналдар тікелей Қожанасырдың атымен аталған. Олардың ішінде Стамбулда шыққан «Хожа Насретдин», «Насреддин хожа» (Искандерия) және 1927–1928 «Насреддин Хожа» сияқты басылымдарды атап көрсетеді түркітанушы Фадли Әли «Күлкі сардары – елдің ардағы» мақаласында. Әзірбайжан ойшылы Жәлел Мәмметқұлизадениң басқаруымен 1906 жылдан Тифлисте «Молла Насреддин» атты апталық сатиралық журнал шығып тұрған. Батыс Еуропа елдерінде, Франция, Югославия Швеция, Чехославакияда сахнаға лайық сценарий туындылары жарық көрген [30].

Түрік әдебиетінің тарихында Қожанасыр туралы бірнеше монографиялар мен ғылыми мақалалар, брошюралар жарық көрді [31. 13].

Зерттеуші ғалым М.С.Харитонов «Двадцать три Насриддина» атты жинағында Қожанасыр жайлы ләтипалар бүкіл дүниежүзі халықтарының көбінде кездесетіндігін айта келіп, мыңнан астам күлдіргі әңгімелерді іріктеп аталған жинаққа енгізеді. Мұнда Қожанасырдың бейнесі жан-жақты суреттелген.

Шығыс халықтарының көпшілігінің ауыз әдебиетінде Қожанасыр тұрақты кейіпкерге айналған. Қожанасыр әңгімелерін тарихи деректер негізінде зерттеу мәселесі 1950 жылдардан кейін Түркияда ерекше қолға алынған. Қожанасыр бейнесінің жасалу жолы, шығу тарихын зерттеу үшін сан түрлі пікірлер бар [31].

Алдаркөсе мен Қожанасыр күлдіргі әңгімелері – тек қазақ халқына ғана емес, түркі тектес халықтардың көбіне ортақ мұра. Олар қазақ халық ауыз әдебиетіндегі Алдаркөсе мен Қожанасыр әңгімелеріне тарихи-мәдени типология, генетикалық типология тұрғысынан да өзара ұқсас болып отырады. Осы екі топтағы әңгімелердің жанрлық сипатындағы бір-біріне ұқсамайтын өзгешеліктері көрші халықтардың нұсқаларында да толық сақталған. Демек, қазақ халқымен түбі бір халықтардың әдебиетіндегі Алдаркөсе мен Қожанасыр жайындағы күлдіргі әңгімелер де әлеуметтік-сатиралық, адамгершілік-тұрмыстық тұрғыдан дамыған деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сөз тапқанға қолқа жоқ. Құрастырған А.Бейсенғалиева. – Алматы: Жазушы, 1988. – 607 б.
- 2 Алиева М.М. Жанры уйгурского фольклора. – Алматы, 1989, 143 б.
- 3 Турсунов Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки (в аспекте связи с первобытным фольклором) Издание второе. – Алматы: 2004. – 192 б.
- 4 Мухтаров Т.А., Серикбаева Ж.М. Наводир в средневековой арабской литературе. – Алматы, 2000. – 120 с.
- 5 Қазақ ертегілері. II том, – Алматы: ҚМКӘБ. 1962, 399–406-б.
- 6 Қазақ ертегілері. I том, – Алматы, ҚМКӘБ. 1962, 401-402-б.

- 7 Алдаркөсе мен Шык бермес Шығайбай. Кітапта: “Балалар әдебиетінің хрестоматиясы. Педагогикалық училищелерге арналған. Құрастырғандар: Сармурзина М., Ахметов Ш. – Алматы, 1956, –17-20-б.
- 8 Күлдіргі әңгімелер. Жинап, құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған проф. Қ.Саттаров. – Алматы: Жазушы, 1987. 319 бет.
- 9 Қарақалпақ халқ эртеклері. – Нөкіс: Қарақалпақ мемлекеттік баспасы. 1956, – 66-68-б.
- 10 Туркменский юмор. Перевод с туркменского. – Ашхабад: Туркменское государственное издательство, 1961, – 63-96-б.
- 11 Уйгурские юморески. – Алматы: Жазушы, 1968, – 103-135-беттер.
- 12 Киргизские сказки. Перевод с киргизского. – М.: Художественная литература, 1968, стр. 104-115.
- 13 Турецкие народные сказки. Перевод с турецкого Н.А.Цветиновича-Грюнберга. – М.: Главная редакция восточной литературы. 1967, – 357-363 стр.
- 14 Алдаркуса хикаяси. Бухоро босмоси. 1911-1912. – 3-4-б.
- 15 Имомов К. Ўзбек сатирик эртаклари. – Тошкент: Фан, 1974, – 77-б.
- 16 Қазақ әдебиетінің тарихы, 1948, 95-б.
- 17 Туркменский юмор. – Ашхабад: Туркменское государственное издательство, 1969, –12 с.
- 18 Фабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Жоғарғы оқу орнының студенттеріне арналған оқулық, өңделіп, толықтырылып, үшінші басылуы. – Алматы, Мектеп, 1974, – 142-145-беттер.
- 19 Турсунов Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки (в аспекте связи с первобытным фольклором) Издание второе. – Алматы: 2004. – 192 б.
- 20 Маргулан Ә. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса. «Известия Казахского филиала АН СССР, серия историческая». 1946. № 2.
- 21 Туркменский юмор. Предисловие Б.А.Каррыева. Перевод с тюркменского. – Ашхабад: Туркменское государственное издательство. 1961; Туркменский юмор. Перевод с тюркменского О.Давлетовой, Н.Жалиной, М.Злобленной и др. Предисловие Б.А.Каррыева. – Ашхабад: Ылым. 1978; Уйгурские юморески. Перевод Нины Соколовской. Предисловие написал доктор филологических наук Мурат Хамраев. – Алма-Ата, Жазушы, 1969.
- 22 Каррыев Б.А. Предисловие. В книге “Туркменский юмор”. – Ашхабад: Туркменское государственное издательство, 1961, стр. 12.
- 23 Анекдоты о ходже Насреддине и Ахмет Ахае. Симферополь. 1937, стр. 6-12.
- 24 Насрадин Афанди Қазан, 1904, Өзбекстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының шығыстану институтының колжазбалар фонды. Инв. 1604.
- 25 Латифалар. Куп тумлик. – Тошкент, 1965, 86-бет.
- 26 Киргизские народные сказки. – Фрунзе, 1963. стр. 3-4.
- 27 Анекдоты О Моллы Насреддине. – Баку: Издательство АН Азербайжанская Республика. 1966, стр. 13-21.
- 28 Насра Ходжаны хаһарлари. Микоян шахар, 1931, Джараштырган ертаклары Азрет. Микоян шахар, 1936.
- 29 Туркменский юмор. Перевод с тюркменского О.Давлетовой, Н.Жалиной, М.Злобленной и др. Предисловие Б.А.Каррыева. – Ашхабад.: Ылым. 1978. 128–159.
- 30 Қазақ елі газеті, 1996 ж. 4 қазан.
- 31 Османов Н.Персидские анекдоты. – М., 1963, стр.13.

REZUME

ZH. TANAUOVA (Turkistan)

RESEARCH OF FUNNY STORIES IN TURKIC PEOPLES FOLKLORE

The article deals with the research of Kazakh funny stories in Turkic peoples' folklore.